

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған**

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/сынып «Қарлығаш» орта топ тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау);
	II-апта	-Өн айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту;
	III-апта	-Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру;
	IV-апта	-Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	- Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу;
	II-апта	-Өн айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету;
	III-апта	-Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну;
	IV-апта	-Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру;
	II-апта	-Өн айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту;

	III-апта	-Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту;
	IV-апта	-Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету;
	II-апта	-Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету;
	III-апта	-Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу;
	IV-апта	-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу;
	II-апта	-Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен);
	III-апта	-Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау;
	IV-апта	-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу;
	II-апта	-Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;

	III-апта	-Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану;
	IV-апта	-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау;
	II-апта	-Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру;
	III-апта	-Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету;
	IV-апта	-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;
	II-апта	-Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;
	III-апта	- Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;
	IV-апта	-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка I-апта <i>Аптасына 2 сағ</i>	-Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;
	II-апта	-Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;
	III-апта	-Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;
	IV-апта	-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.

Нормативтік жүктеме	Аптасына 2 сағат Айына 8 сағат Барлығы 72 сағат
----------------------------	--